


“ 01 ” 05 2004 ж
Құрылтайшысының шешімімен бекітілген



“АҚТӨБЕ МҰНАЙ ЖАБДЫҚТЫ ЗАУЫТЫ”

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Жарғы әрі қарай “Қоғам” деп аталатын “Ақтөбе мұнай жабдықты зауыты” Акционерлік қоғамының (әрі қарай «Қоғам») құқықтық мәртебесін, құрылу және қызмет ету, қайта құрылу және таратылу тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуының, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттері мен жауапкершіліктерінің шарттарын анықтайды.
- 1.2. Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 13.05.2003 ж. N 415-III “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына (әрі қарай мәтін бойынша «Заң») және Қазақстан Республикасының өзгедей нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалып, бекітілген.
- 1.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және алғашында 15.08.2001 жылы 8101-1904-ЖШС (ШҚ) нөмірімен Ақтөбе облысының әділет Басқармасымен тіркелген “Ақтөбе мұнай жабдықты зауыты” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта құру жолымен құрылып, оның толық құқық мирасқоры болып табылады.
- 1.4. Фирмалық атауы:
 - қазақ тілінде: “Ақтөбе мұнай жабдықты зауыты” акционерлік қоғамы, қысқаша түрде “Ақтөбе мұнай жабдықты зауыты” АҚ.
 - орыс тілінде: Акционерное общество “Актюбинский завод нефтяного оборудования”, қысқаша түрде АО “Актюбинский завод нефтяного оборудования”.
 - ағылшын тілінде: “Aktobe Oil Equipment Plant” Joint-Stock Company, қысқаша түрде “Aktobe Oil Equipment Plant” JSC.
- 1.5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: 463000 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №312-Атқыштар дивизиясы көшесі, 42Ж үй.
- 1.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.
- 1.7. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға сәйкес шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырады.
- 1.8. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығарады.
- 1.9. Қоғамның дербес балансы, банктерде есеп ауырысу және өзгедей шоттарға, орыс және қазақ тілдеріндегі атауы бар мөрге ие. Ол ағылшын тіліндегі немесе қазақ немесе орыс тілдерімен үйлестірілген ағылшын тіліндегі немесе солардың біреуімен ғана немесе үш тілде бірдей жазылған мөрді иеленуге құқылы. Бұл ереже Қоғамның өзге де деректемелеріне қатысты.
- 1.10. Қоғамның меншік түрі – жеке меншік.
- 1.11. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауапты емес. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлік шегінде жауап береді.
- 1.12. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда Қоғам қызметіне қатысты шығындарға өзінің иелігіндегі акциялардың құны шектерінде тәуекелді.
- 1.13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарымен заңды тұлғаның осындай ұйымдық-құқықтық нысаны үшін анықталған барлық құқықтарға ие, соның ішінде құқылы:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес патенттерді, технологияларды, ноу-хау және өзгедей ақпаратты иелену мен пайдалану құқықтарын алуға және беруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес несиелер мен қарыздарды пайдалануға;
- Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған негіздерде Қазақстан Республикасының жерінде және шетелдерде ерікті түрде өзге заңды тұлғалармен бірлестіктерге бірігуге, өзге акционерлік қоғамдардың, шаруашылық серіктестіктердің және өзге заңды тұлғалардың құрылтайшысы немесе қатысушысы болуға;
- Қазақстан Республикасының жерінде және шетелдерде филиалдар мен өкілдікер ашуға, оларға негізгі және айналымдық капиталдар беруге, олардың қызмет тәртібін анықтауға.

2. ҚЫЗМЕТ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

- 2.1. Қоғамның негізгі қызмет мақсаты болып табыс табу табылады.
- 2.2. Қоғам қызметінің мәні болып табылады:
- мұнай өндірістік құрал-жабдықтарын өндіру;
 - насостарды, оның ішінде сұйықтықтарды жер бетіне шығаратын, және гидравликалық жүйелерді өндіру;
 - жаңа жоғары технологиялық машиналардың түрлерін, соның ішінде: құрал-жабдықтарды және саймандарды өндіру;
 - механикалық құрал-жабдықтар мен саймандарды өндіру;
 - тау-кен өндірісі мен құрылысқа арналған машиналарды өндіру;
 - металлургиялық құрал - жабдықтарын өндіру;
 - ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу машиналарын өндіру;
 - кара және түсті металлдардың нәтижелі өнімдерін, соның ішінде: жоғарынәтижелі технологияларды пайдалана отырып өндіру;
 - әр - түрлі мақсаттағы құбыр өнімдерін өндіру;
 - профильдерді өндіру;
 - сымдар және т.б. өндіру;
 - құрылыс пен өнеркәсіпке арналған металл құрылғыларын өндіру;
 - резинатехникалық өнімдерді өндіру;
 - өнімдердің сынағын өткізу, оның ішінде аккредитациялаған жағдайда сертификациялық сынағын өткізу;
 - коммерциялық, делдалдық, ақпараттық, жарнамалық қызметтер;
 - сыртқы экономикалық қызмет;
 - инвестициялық қызмет;
 - азық-түлік өнімдерін сатып алу және сату;
 - Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қызмет болып табылады.
- 2.3. Тізімі заңдармен анықталған қызметтің кейбір түрлерімен Қоғам лицензия негізінде айналысуға құқылы.

3. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ МЕН ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ

- 3.1. Қоғамның мүлкі жеке меншік құқығы негізінде тиесілі.
- 3.2. Қоғам мүлкі келесілер есебінен қалыптасады:
- 1) Жарғылық капиталына қосқан салымдар;
 - 2) қызмет нәтижесінде тапқан табыс;

- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған негіздерде тапқан өзгедей мүлік.
- 3.3. Қоғамның Жарғылық капиталы 800 000 000 (сегіз жүз миллион) теңгені құрайды. Қоғамның Жарғылық капиталы әр қайсысының номиналды құны 1000 (мың) теңгеге тең 600 000 (алты жүз мың) жай акцияға және дауыс құқығы жоқ әр қайсысының номиналды құны 1000 (мың) теңгеге тең 200 000 (екі жүз мың) артықшылықты акцияға бөлінген.
- 3.4. Жарғы капиталы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе соттың шешімімен акциялардың номиналды құнын өсіру немесе қосымша акцияларды шығару және орналастыру жолымен ұлғайтылуы мүмкін.

4. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 4.1. Акция - Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивидент және Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқықтарын күәландыратын бағалы қағаз. Акция бөлінбейді. Егер акцияның ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесі болатын болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өздерінің жалпы өкілі арқылы акциямен күәландырылған құқықтарды пайдаланады.
- 4.2. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей құқықтар береді.
- 4.3. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 4.4. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешекен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 4.5. Артықшылықты акциялардың меншік иелері — акционерлердің жай акциялардың меншік иелері — акционерлеріне қарағанда осы Жарғының 5.3 т. белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивиденттер алуға және Қоғам таратылған кезде Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.
- 4.6. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерлерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.
- 4.7. Қоғамның жариялаған акцияларының шығарылуын мемлекеттік тіркелуі Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.
- 4.8. Қоғам өзінің акцияларын олардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуден кейін орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру аукциондар, жазылым арқылы жүзеге асырылады.
- 4.9. Қоғамның жазылым арқылы орналастырылатын акциялары Директорлар Кеңесі белгілеген орналастыру бағасы бойынша сатылуға тиіс, бұл орайда акцияларды орналастыру бағасы осы орналастыру шегінде барлық тұлғалар үшін бірыңғай болуға тиіс.
- 4.10. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның және оның аффилирленген тұлғарының аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасау, жүргізу және

сақтау, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленеді.

- 4.11. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүлктік құқықтар (соның ішінде интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлікенгізілуі мүмкін.
- 4.12. Ақшадан өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлкті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлкті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізінде алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім біткенге дейін Қоғам Акционерлері Жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлкті алып қоюға тыйым салынады.
- 4.13. Қоғамға өзінің жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы рыногында орналастырған кезде оларды өзі сатып алуына жол берілмейді.
- 4.14. Орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның бастамасы бойынша оларды кейіннен сату немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акциялары Қоғамның сатып алуы Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.
- 4.15. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талабымен сатып алу Заңмен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.
- 4.16. Қоғам сатып алған акциялар оның Акционерлері Жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.
- 4.17. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.
- 4.18. Қоғам Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес Қоғамның шығаратын акцияларды сатып алуына опциондар жасасуға құқылы.
- 4.19. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісімен белгіленеді.
- 4.20. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке тек Заңмен белгіленген жағдайларда ғана қабылдай алады.
- 4.21. Егер кепіл талаптарында өзгеше белгіленбесе, Қоғам орналастырған және оның кепілінде жатқан акциялар бойынша дауыс беру құқығы акционерге тиесілі болады.
- 4.22. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес белгіленеді.
- 4.23. Қоғамның жарияланған акцияларын билік етуі шектелген, Қоғамның салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегін

Қоғамның жарияланған акцияларының есебінен өтеу Заңға және Қазақстан Республикасының өзгедей нормативті-құқықтық актілеріне сәкес жүзеге асырылады.

- 4.24. Қоғамның акциялары бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

- 5.1. Дивидент – акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кірісі. Қоғам акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі. Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда дивидендтерді төлеу Қоғамның бағалы қағаздарымен (жарияланған акциялармен немесе шығарған облигациялармен) жүзеге асырылады.
- 5.2. Қоғамның жай акциялары бойынша жыл нәтижесі бойынша төленетіндерден басқа дивидендтерді төлеу мен олардың мөлшері жөніндегі шешім Қоғамның Директорлар Кеңесімен қабылданады. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғам органының шешімін талап етпейді.
- 5.3. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің көлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру қойылымының дивиденд анықталып отырған айындағы жылдық көрсеткішінің сомасына және бекітілген маржаға қатысты есептеледі. Бекітілген маржа жылына 2 % деп анықталады. Бұл жағдайда артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивиденттердің мөлшері артықшылықты акциялардың номиналды құнының 7 % кем және жыл нәтижесі бойынша жай акцияларға төленетін дивиденттерден кем және артықшылықты акциялардың номиналды құнының 11 % артық бола алмайды.
- 5.4. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.
- 5.5. Қоғам жыл нәтижесі бойынша дивиденттерді төлеу жөнінде жариялауға құқылы.
- 5.6. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 5.7. Заңмен белгіленген жағдайларда Қоғам акциялары бойынша дивидент төлеуге жол берілмейді.
- 5.8. Акционер Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және акша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде ала отырып есептелеуін өсімпұл төленеді.
- 5.9. Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Қоғамның аталған органдары қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны

кабылдаған күннен бастап он күн ішінде баспасөз басылымында міндетті түрде жариялауға құқылы.

5.10. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл шешім баспасөз басылымдарында жариялануға тиіс. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивиденттер төленіп отырған кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны болуға тиіс.

6. АКЦИОНЕРЛЕР, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Қоғамның Акционері - Қоғамның акциясының меншік иесі болып табылатын тұлға. Қоғамның Акционерлері болып жеке және заңды тұлғалар табылады.

6.2. Қоғамның Акционерінің:

- 1) Заңмен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға.
- 6) Қоғамның органдары қабылданған шешімге сот тәртібімен даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Заңмен белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы;
- 10) өзіне тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен анықталған тәртіпте шеттетуге және кепілдікке тапсыруға құқығы бар.

6.3. Ірі акционердің сондай-ақ:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда оны шақырту туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 2) Директорлар кеңесіне Заңмен Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

6.4. Қоғамның Акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;

- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзгедей заңды актілеріне сәйкес өзгедей міндеттерді орындауға міндеттенеді.

7. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

- 7.1. Қоғамда келесі органдар қызмет етеді:
- жоғарғы орган - Акционерлердің Жалпы жиналысы;
 - басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - атқарушы орган – Бас директор.

8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 8.1. Акционерлердің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 8.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, шешім қабылдау Қоғам Акционерлерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, басқа да мәселелерді қарауға құқылы.
- 8.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есептік кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 8.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне мына мәселелер жатқызылады:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
 - 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 4) есептік комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 5) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және

жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидент мөлшерін бекіту;

- 9) Заңның 22 бабының 5 тармағымен көзделген жағдайлар Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 11) Қоғамның ірі мәмілелер жасасу және жасалуында Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;
 - 12) Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;
 - 13) Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
 - 15) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16) шешім қабылдау Заңға және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 8.5. Акционерлердің Жалпы жиналысының осы Жарғының 8.4 тарауының 1)-3) тармақтарында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен, яғни Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының кем дегенде төрттен үшіне тең басым көпшілігімен қабылданады.
- 8.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.
- 8.7. Заңмен және Қазақстан Республикасы өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлеріне беруге жол берілмейді.
- 8.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы және Қоғамның өзге органдарының құзіреттеріне жатқызылған кез-келген мәселелерді қарастыруына қабылдауға құқылы.
- 8.9. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Акционерлер немесе Акционерлердің тізіліміне енгізген өкілдері, сондай-ақ Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда слу және одан да көп процентін иеленетін, ие акционерлер немесе акционерлер тізіміне енгізілген олардың өкілдері және Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы Қоғамның дауыс беруші акцияларын иелену құқығы акционерлер тізімін құрастырғаннан кейін өткен (Заңның 39 бабының 2 тарауы) тұлғалар (акционерлер) тіркелген жағдайда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 8.10. Акционер Акционерлердің Жалпы жиналысына жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысып, қарастырылып отырған мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына

сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекеттеседі Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бартұлғадан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

- 8.11. Акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның лауазымды тұлғаларының акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
- 8.12. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не Акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешімімен белгіленеді.
- 8.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі:
 - 8.13.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар Кеңесімен шақыртылады.
 - 8.13.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы төмендегілердің бастауымен шақыртылады:
 - 1) Директорлар Кеңесінің;
 - 2) Ірі акционердің.Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақыртылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.
 - 8.13.3. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
 1. Атқарушы орган;
 2. өзімен жасалған шартқа келісімге сәйкес қоғамның тіркеушісі;
 3. Директорлар Кеңесі;
 4. Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
 - 8.13.4. Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.
 - 8.13.5. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
 - 8.13.6. Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
 - 8.13.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоғамның атқарушы органының орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесіне ірі акционермен қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы қойған талапты тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті.
 - 8.13.8. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған жағдайда директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.
 - 8.13.9. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде

қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

- 8.13.10. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның атқарушы органы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.
- 8.13.11. Акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілуі жөнінде акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілуі жөніндегі хабарландыру баспа құралында басылуы және (немесе) акционерлерге оларға жазбаша хабарлау жіберу жолымен жеткізілуі тиіс. Хабарландыруда Заңмен анықталған мәліметтер болуы тиіс.
- 8.14. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі:
 - 8.14.1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар Кеңесі жасайды және талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуы тиіс.
 - 8.14.2. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізуді Акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы Акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс. Акционерлердің қайталама өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің Акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.
 - 8.14.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Заңмен анықталған тәртіпте өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
 - 8.14.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Жалпы жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акциялардың жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.
 - 8.14.5. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
 - 8.14.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының, күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.
 - 8.14.7. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдара Заңмен анықталған көлемдегі ақпарат болуы тиіс.
 - 8.14.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.
- 8.15. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 8.16. Өзге тұлғалар Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесінің немесе атқарушы органның шақыруынсыз қатыса алмайды. Ондай тұлғаларға Акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Күн тәртібінің мәселелерін қарастыру үшін қажет болса, Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен беріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

- 8.18. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда “бір акция-бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады.
- 8.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) берген не Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының қарастырылуына шығарылатын Қоғамның таратылуы, Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Директорлар Кеңесін сайлау, жылдық қаржылық есеп беруді бекіту, Қоғамның жылдық таза пайдасын бөлу, аудиторлық ұйымды анықтау сияқты мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру жолымен қабылдана алмайды.
- 8.20. Есеп комиссиясын құру мен құзіреті Заңға сәйкес анықталады.
- 8.21. Дауыс беру қортындылары бойынша Есептеу комиссиясы дауыс беру қортындылары жөнінде хаттама жасап, оған қол қояды. Дауыс беру қортындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысының барысында жария етеледі.
- 8.22. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қортындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды баспа сөз басылымында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.
- 8.23. Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасын құрастыру, қол қою және сақтау тәртібі Заңмен анықталады.
- 8.24. Егер кез-келген тұлға Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларын меншік құқығы болған жағдайда, ол Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер барлық немесе кейбір дәрежелі артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұсқан келтірмейтін және оны шектемейтін шартымен жағдайда жазбаша түрде рәсімденуі тиіс.
- 8.25. 8.24.тармақта көзделген жағдайларда Қоғамның жалғыз акционері немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді заңда және сол заңды тұлғаның жарғысына сәйкес заңды тұлғаның осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар органы, лауазымды адамдарды немесе қызметкерлері қабылдайды.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 9.1. Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда

Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9.2. Заңмен өзгеше белгіленбесе, Директорлар Кеңесінің айрықша күзіретіне жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақырту жөніндегі шешім қабылдау;
- 3) Қоғам акцияларын орналастыру және олардың жарияланған акциялар саны шекгінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқада бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекітілуі;
- 6) Қоғамның облигацияларын және бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 7) атқарушы органның (атқарушы органның қызметін атқарушы тұлғаның) өкілеттік мерзімін анықтау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асырытын тұлғаның лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы мен сыйлық ақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды;
- 11) бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар жөніндегі ережелерді бекіту;
- 13) Қоғамның өзге ұйымдардың құрылуы мен қызметтеріне қатысуы жөнінде қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту.
- 14) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- 15) бұрынғы тіркеушімен келісім бұзылған жағдайда Қоғамның жаңа тіркеушісін таңдау;
- 16) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызмет туралы ақпаратты айқындау;
- 17) Ірі мәмлелер жасалуына Қоғам мүдделі мәмлелер жасасу туралы шешім қабылдау;
- 18) Осы Жарғымен анықталған, Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша күзіретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

9.3. Директорлар Кеңесінің айрықша күзіретіне жатқызылған мәселелерді Атқарушы органның шешуіне беруге болмайды.

9.4. Директорлар Кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес өзінің атқарушы органының күзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

9.5. Жеке адам ғана Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.

9.6. Директорлар Кеңесінің мүшелері;

- 1) акционер-жеке адамдардан;

- 2) акционерлердің мүдделерін білдіретін өкілдер ретінде сайлануға ұсынылған (ұсыныс берген) адамдар;
 - 3) басқа адамдар (Заңның 54 бабының 3 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.
- 9.7. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар Кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп тең дауыс санын алса бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.
 - 9.8. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған ұсыныс берілмеген жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар Кеңесінің құрамының елу процентінен аспауы керек.
 - 9.9. Директорлар Кеңесі төрт адам құрамында, үш жыл мерзіміне сайланады.
 - 9.10. Бас директор – атқарушы органның қызметін жеке атқарып отырған тұлға, Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
 - 9.11. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен анықталады.
 - 9.12. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген ретте қайта сайлана алады.
 - 9.13. Директорлар Кеңесінің өкілеттік акционерлердің жаңа Директорлар Кеңесін сайлау өткізілетін Жалпы жиналысын өткізу мезетінде аяқталады. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
 - 9.14. Директорлар Кеңесі жеке мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттегі Директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
 - 9.15. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік дауысымен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар Кеңесінің осы мүшелерінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.
 - 9.16. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру барысында Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілігімен, Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзіміне сайланады. Директорлар Кеңесі төрағаны кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
 - 9.17. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, оның отырыстарын жүргізеді сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар Кеңесінің

Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметтерін Директорлар Кеңесінің шешімімен Директорлар Кеңесінің бір мүшесі атқарады.

- 9.18. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша не:
 - 1) Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның аудитын жүзеге асырып отырған аудиторлық компанияның;
 - 3) ірі акционердің талап етуі бойынша шақыртылуы мүмкін.
- 9.19. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.
- 9.20. Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен жүгінуге құқылы, ал директорлар отырысын шақыруға міндетті.
- 9.21. Директорлар Кеңесінің отырысын Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.
- 9.22. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізілу туралы жазбаша хабарлама, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен қоса отырыс өткізетін күнге дейін үш күннен кешікріілмей Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.
- 9.23. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын-ала хабарлауға міндетті.
- 9.24. Директорлар Кеңесінің отырысы оған Директорлар Кеңесінің мүшелерінің кем дегенде елу пайызы қатысқан жағдайда күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға құқылы.
